

**"Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 491 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 қыркүйектегі № 987 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 189 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2021 № 189 қаулысымен.**

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 491 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 35, 285-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген «Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Техникалық регламент қолданылатын, сәйкестікті міндетті растауға жататын тыңайтқыштардың тізбесі және Кеден одағының Сыртқы экономикалық қызметі бірыңғай тауар номенклатурасына (бұдан әрі - КО СЭҚ ТН) сәйкес сыныптамасы бойынша олардың кодтары осы Техникалық регламентке қосымшада көрсетілген»;

2) техникалық регламентке қосымшада:

1-бағандағы «ҚР СЭҚ ТН коды» деген сөздер «КО СЭҚ ТН коды» деген сөздермен ауыстырылсын;

мына:

«

3104 90 000 0	- өзгелері
---------------	------------

»

деген жол алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

3104 90 000	- өзгелері:
3104 90 000 1	- - карналлит

3104 90 000 9	- өзгелері
---------------	------------

»;

мына:

«

3105 20	- үш қоректі элементтерден: азоттан, фосфордан және калийден тұратын минералдық немесе химиялық тыңайтқыштар:
3105 20 100 0	- - құрғақ сусыз өнімге шаққанда құрамында 10 мас.%-дан астам азоты бар
3105 20 900 0	- - өзгелері

»

деген жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

3105 20 000 0	- үш қоректік элемент: азот, фосфор және калий бар минералдық немесе химиялық тыңайтқыштар
---------------	--

»;

мына:

«

3105 60	- екі қоректік элементтен: фосфор және калий бар минералдық немесе химиялық тыңайтқыштар:
3105 60 100 0	- - калий супер фосфаттары
3105 60 900 0	- - өзгелері

»

деген жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

3105 60 000 0	- екі қоректік элемент: фосфор және калий бар минералдық немесе химиялық тыңайтқыштар
---------------	---

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

С. Ахметов